

2020 жылға магистратура и докторантураға құжаттар қабылдау

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы магистратураның 10 бағдарламасының бірі немесе докторантураның 3 бағдарламасы бойынша бір жылдан астам жұмыс өтілі бар барлық мемлекеттік қызметшілерді грантқа түсуге шақырады.

Академия жыл сайын мемлекеттік басқару және саясат саласындағы отандық және әлемдік трендтер негізінде өзінің білім беру бағдарламаларын өзектендіреді және жетілдіреді. Осылайша, ағымдағы жылы Академия келесі білім беру бағдарламалары бойынша дайындықты жүзеге асырады:

1 жылдық оқу мерзімімен:

- «Мемлекеттік менеджмент» – Master of Public Management;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат» – Master of Anti-Corruption Policy;
- «Халықаралық қатынастар» – Master of International Relations;
- «Адами ресурстарды басқару» – Master of Human Resources Management;
- * «Өңірлік даму» – Master of Regional Development.

2 жылдық оқу мерзімімен:

- «Мемлекеттік басқару» – Master of Public Administration;
- «Мемлекеттік саясат» – Master of Public Policy;
- «Экономика» – Master of Economics;
- «Өңірлік даму» – Master of Regional Development;
- * «Өңірлік көшбасшылық» – Master of Regional Leadership.

3 жылдық оқу мерзімімен:

- «Мемлекеттік басқару» – Doctor of Public Administration;
- «Экономика» – Doctor of Economics;
- «Халықаралық қатынастар» – Doctor of International Relations.

* Оқыту қаржыландырудың өзге көздері есебінен жүзеге асырылады.

Академияға оқуға түскен жағдайда білім алушыға жұмыс орнын сақтау, лауазымдық жалақы мөлшерінде стипендия алу, жоғары білікті профессор-оқытушылар құрамынан білім алу, әлемдік деңгейдегі сарапшылармен тағылымдамадан өту мүмкіндігі беріледі.

- **Оқуға түсу үшін қажетті құжаттар** (Құжаттарды қабылдау 2020 жылғы 10 ШІЛДЕГЕ ДЕЙІН жүзеге асырылады):

- Өтініш
- Жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі
- IELTS/TOEFL сертификатының көшірмесі немесе APTIS-ке тіркеу
- Еңбек қызметін растайтын құжат
- 086-У нысанындағы медициналық анықтама

- Мемлекеттік органның жолдамасы
- Үміткердің жазбаша жұмысы:
- **Магистратура үшін**- мотивациялық эссе, пән бойынша эссе
- **Докторантура үшін** - эссе, зерттеу жұмысының жоспары (research proposal)

Білім беру бағдарламалары мен қабылдау рәсімі туралы толық ақпаратпен Академияның www.apa.kz сайтында, "Оқуға түсу" бөлімінде танысуға болады.